



**Hi-Black Toner принтер картридждерін сақтау,
тасымалдау және пайдалануға дайындау
бойынша нұсқаулар**



4786697

<https://hi-black.ru>

Hi-Black Toner картриджі лазерлі баспа құрылғыларында (принтерлер, көшіру құрылғылары, КФҚ құрылғылары) басып шығаруға арналған. Картридждің бағасы қорабында (жапсырмада) көрсетілген. Картридж ресурсы А4 пішімінің 5 %-дық толу деңгейімен көрсетілген.

Сақтау және пайдалану шарттарының әдепкі талаптары

Ауаның 30–80 % салыстырмалы ылғалдылығында лазерлі картридждің қалыпты жұмыс істеуі үшін 15–30 °С температура ұсынылған.

Пайдаланудан бұрын картридж бен принтер 2–3 сағат ішінде ұсынылған жағдайларда болуы керек.

Картриджді +11 °С көрсеткішінен төмен температурада тасымалдаудан кейін картридждің жұмыс бөлшектерінде конденсаттың пайда болуын болдырмау үшін, оны бөлме температурасында кемінде 4 сағат қорабынан шығармай қою керек.

Теріс температурада картриджді ұзақ уақыт бойы тасымалдау кезінде оны тиісті шарттармен сақтап қою уақыты 24 сағатқа дейін артады.

Картриджді орнату және пайдалану бойынша нұсқаулар

Қорабын картриджді басып шығару құрылғысына салмас бұрын ашу керек.

Орнатудан бұрын картриджді көлденеңі бойынша бірнеше рет шайқап, тонердің бірқалыпты таралуын қамтамасыз ету керек.

Картриджде ілмекті мұрындық (таспа) немесе қызғылт түсті қорғағыш бітеуіштер бар болса, басып шығару құрылғысына орнатудан бұрын оларды нұсқауларға сәйкес алып тастау керек.

Картриджді құрылғыға орнату және одан шығарып алу басып шығару құрылғысын пайдалану нұсқауларына сәйкес орындалуы керек.

5–10 сынақ беттерін басып шығаруыңыз керек. Қажет болғанда басып шығару құрылғысында нұсқауларға сәйкес басып шығару сапасын баптауды орындаңыз.

Маңызды ақпарат. Өндіруші келесі шарттар орындалған жағдайда картридждің жұмыс істейтініне кепілдік береді:

- Картриджді қорабында қыздыру аспаптарынан алшақ, бөлме температурасында және қалыпты ылғалдылықта сақтаңыз.
- Картридж бен құрылғыға тікелей күн сәулесін түсірмеңіз.
- Картридж барабанының фотосезгіш бетін ұстамаңыз.
- Картриджге соққы тигізбеңіз немесе оны дірілдетпеңіз.
- Бөлшектемеңіз және балаларға бермеңіз.
- Картриджді орнатудан бұрын ғана қорабын ашыңыз, картриджді тек ауыстыру үшін шығарыңыз.
- Басып шығару бойынша оң нәтижеге қол жеткізу үшін, картриджді орнатқаннан кейін 6 ай бойы пайдаланыңыз.
- Жоғары немесе төмен температураларда сақтамаңыз.
- Картриджді пайдалану бойынша ұсыныстарды сәйкес басып шығару құрылғысының (принтердің, көшіру құрылғысының, КФҚ құрылғысының) пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Кепілдік міндеттемелері: Біздің тауардың материалдары мен жиналуы жоғары сапада болатынына кепілдік береміз. Қалыпты пайдалану кезінде ақаулар орын алса, бұл кепілдік бойынша жауапкершілік өнімді ауыстырумен шектеледі. Белгілі бір өнімдер бойынша барлық құқықтар олардың иелеріне тиісті.

Картридж OEM тарапынан өндірілмеген.

